

Егемен Қазақстан

Отбасының ұйытқысы – ұлттық үлгі

«Жақсының аты өлмейді» дейді Бұқар жырау. Сол жақсы қайдан шығады? Киелі отбасынан, иесі бар, дәстүр жүйесі бар, ұлы әкесіне қарап, қызы шешесіне қарап өскен, ел-жұрты іргелі, үлкені үлгі, кішісінің кісілігі бар жұрттан шығады. Ондай жұрт ұл мен қызын, «Үлкеннің алдында иіліп сөйле, кішінің алдында сызылып сөйле, иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді, сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді» (Бөлітірік шешен) деп тәрбиелеген. Мұның бәрі бабалар өсиеті еді. Қазақ отбасы деген сөзді – бұрынғы дөңгеленген қараша үйіндегі дөңгелек ошақтың отынан алып отыр. Отын жағып, отбасын ұстай алмаған ер мен әйелді от та жақтырмайтын көрінеді. Шамданса сөніп қалады екен. Жер-Ана, От-Ана деуі де содан болса керек. Отын жағып, отбасын ұстай алмағанды тезге салып тексеріп, бері тартқанда кері кетсе, жазасын беріп, телі мен тентектің қатарында қалыпқа салған. Мұхтар Әуезовтің «Отан – отбасынан басталады» деуі де содан болса керек.



Иә, қазір заман өзгерді дейміз. Өзгерген заман ба, адам ба – заманның жаманы жоқ, адам өзі өзгеріп, соны бір белгісіз ұғымға тели салатын секілді. Бүгінгі отбасы туралы әңгіме көп. Әркім әр қырынан келеді. Біреуден біреу көреді, өзіне жолатпайды. Баласы тәртіпсіз болса, қызы ұрыншақ болса, көргенсіз деп, себебіне көз жеткізбей тұрып көршісіне жаба салады. Ашық-шашық қоғамға келіп кірдік. Жат қылықтың кесірін кімнен, неден көрерімізді білмей далмыз. Кейбір отбасыларындағы ойран жаға ұстатады. Күйіп-жанып үй болғандардың үштен бірі жылға жетпей жаққан отын өшіріп, ажырасып жатыр. Соңғы кезде ажырасу артып, некеге тұру саны кеміген. Бұл ертең ұлтқа жұт болып жүрмесін. Жетім бала, жесір әйел көбейіп, еркегі «бойдақ» атанып безіп кететінді шығарды. Шырылдаған күнәсіз сәбилер қоқыстан табылатын болды. Бұған бой үйреніп кетті ме, селт ете қоймаймыз. Безбүйрек ана, тасжүрек ана дейтініміз және бар. Безбүйрекке, тасжүрекке неге ана деген ардақты сөзді қосамыз? Осындай әрекетке ол пенделер қалай барды, кім апарды дегенді қағыс қалдырамыз. Олардың ауыз бармайтын қылығын жирене айтып жар саламыз. Безбүйрек, тасжүректі іздегенде, неге безбүйрек, тасжүрек «әкені» қоса іздемейміз? Екеуін қатар қойып жазаға тартсақ, бейкүнә сәби азаяр еді. Көрші елдерде безбүйрек әкелердің сілекейін шұбыртып тастанды баланың әкесі екенін анықтап, қанша жерден мөңкісе де бұғақтап, мойнына күнәсін іліп, күнәһар екеніне көзін жеткізіп жатады. Бізде оның аз-кем елесі бар. Бірақ тереңдеп баруға ұят қысатындай. Ұят қысатыны бар, олар қылмысқа аяқ басарда қалай болар екен дегенді алдын ала неге ойламаған? Сөзіміз жалаң болмасын, дерекке жүгінелік. Еліміздегі жалғыз басты аналар саны 40 мыңнан асады екен. 700 мыңға жуық бала анасымен бірге күн кешсе, әке тәрбиесіндегі ұл мен қыз 300 мыңнан асқан. 31 мыңнан аса бала туған-туысқандарын жағаласа, оның 6 мыңы ғана тұл жетім көрінеді. Ал 350 мыңнан аса бала заң бойынша төленуі тиіс алименттен айырылған. Қашқын әкелердің қарызы 2 млрд теңгеге жуықтапты. Алда айттық, ажырасу деңгейі де өспесе, кемімей отыр екен. Бұл ұлттық отбасының қожырауынан ба, әке мен ана тәрбиесінің кемдігінен бе, бала психологиясын ойлаудың аздығынан ба, әлде жанбақпақ парыздан ба, әлде дүние қуудың кеселінен бе – сұрақ көп, жауап сан тарау. Иә, жары мен баласынан жалт беріп, оларды шұбыртып кеткен еркек, ұл-қызын еріне итеріп тастап зытқан әйел қашан кемір екен? Бір топ баласын жетелеп үйсіз-күйсіз, бір үзім нанға зар болып жүргендер де жоқ емес. Олар осындай күйге қалай түсті демей, себебін білмей, нарық талабын, заң тармағын алға тартатындар жеріміз кең, байлық жетеді, халқымыз аз, ал бардан үлес алар бұлар да ұлт ұрпағы десе қайтер еді? Әшейінде қазақтың кеңдігін, дарқандығын мақтан етеміз? Бірақ сол дарқандық кембағалға жете бермейді. Ең сорақысы әкеге, анаға қол көтеретін имансыздар да табылып жатыр. Кейде балалар үйі азайғанын айтамыз, есесіне қарттар үйі бел алып бара жатқанын ескермейміз. Оны жасап жатқандар қатыгез ұл мен қайырымсыз келін десек, қателесе қоймаспыз. Оларға да бір замандары кәрілік келмей қоймас. Атам қазақ «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді», деуші еді ғой. Бұл да отбасы құндылығының құлдырап бара жатқанын көрсетпей ме? Діннің жат ағымында жүргендер қаншама? Осындай ұлтқа қауіпті іске неге жұрт болып жұмылып қарсы тұрмаймыз? Жоғарыдағы кейбір деректердің өзі соған жетіп жатыр емес пе? Жүздеп емес, мыңдағанға қарай бет алуы қазір серпілтпесе, ертең есе бермей кетіп жүрмесін. Мүмкін отбасының отанасы, ұл мен қызды тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп өмірге әкелетін, былайғы аналардың әлеуметтік жағдайын оналту керек болар. Ұлы Мұқан, Мұхтар Әуезов «... адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты (тағылымы) әйел халіне жалғасады. Сол себепті – әйел басындағы сасық тұман айықпай халыққа

адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деп еді ғой. Осыны бұлжытпай, сөзге ерік бере бермей орындау керек болар. Біз кейде бұл ұлы ойдың негізгі желісін айтпай «бесігіңді түзе» дегенді жалаулататынымыз бар. Тіпті халықтық қағида дейтіндер де табылып жатады. Ақиқатында ананың жағдайы түзелмесе, ұрпақтың түзелуі қиын. Егер ана мұңсыз болса, ұлттық демография да демікпейді. Кәрі құрлықтағыдай қарттар да көбеймейді. Жас мемлекеттің жасын ұрпағы жарқылдап өсе береді. Бұл арада да өзгелер тықпалайтын әйел құқығы, біздің ерден неміз кем деу де алдымызды орар. Қазақтың қаны, жаны бары оған төзбесі белгілі. Дүние теңселіп тұрғанда ұлт тек үлгісіне қарай ұйысу керек. Ұйыспаған, еліктегіш көрсеқыздар ұлт қатты толқынға шыдас бермейді. Оны әлемдегі ірігендерден көріп отырмыз. Жойылған ұлттар зауалды сондай қылығынан тапқан. Жаттан бақыт табамын деп, сор қапқан. Санасын да, қол-аяғын да сол еліктеу мен солықтау шапқан. Осындай жетесіздікті жоюдың бір жолы – ұлттық ар мен намысты, отаншылдық рухты еш нәрсеге теңгермей биікке көтере білуде жатыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың рухани жаңғыру жөніндегі ұлы идеясының алтын арқауы осы. Қазақ отбасының тірегі әке мен шеше деп білген. Әке – қорған, ана отбасының жылуы деп ұққан. Бізге ұлан-асыр жер, ұшан теңіз байлық қалдырған бабаларымыз оқымаған. Бірақ көңілдері кен, ой-санасы кең, пердесіз таза болған. Сол ұлттық сана, болаттай берік дәстүр қазақты бүгінгі күнге жеткізген. Елбасы ұлттық болмысты ұққанға әдемі айтып отыр. Әрине ол дәуір бөлек, бұл заман басқа екені рас. Тек өткеннің озығын алып, оны әлемнің жақсысымен жалғастырсақ, ұлттық бейне қалыбында сақталады. Ал Абай айтқандай, жетесіз заманға күйлеп, ол ой-санамызды билесе, өзгенің жаман-жәуітігіне жабыстырып, теліп қоюы да ғажап емес. Салт-санасын, ұлттық үлгісін жоғалтқан жұрт жойылмай қоймайды. Ал оны сақтаған халық мәңгі жасары даусыз. Сонымен дәстүрлі қазақ отбасының жақсылығымен қоса, әттегенайы да аз болмай тұр. Отбасы үлгісінде оқшаулануға болмайды. Кең дүниемен байланыс орнатуымыз керек. Тек ала-құла тірлігіне желімдей жабыспай, қажеттісін алып, қажетсізін ойымызға да, бойымызға да дарытпасақ ұтылмас едік. Ұтылмаудың тағы бір жолы – еліктеу мен солықтаудан арылу. Бұған еркін заманды желеу етудің еш қажеті жоқ. Үлгі көрсететін алдыңғы толқын әжелер мен аталар, әкелер мен шешелер болуы тиіс. Олар еліктеудің жетегінде кетіп, ері мен әйелі киім киюі, жүріс-тұрысы жағынан ұлттық үлгіден ажыраса, онда кейінгі жасқа өкпелеудің орны бола қояр ма екен? Бұл ойларды қозғауға не себеп болды дегенге келсек, өткен айдың соңына қарай «Ауыл» партиясы отбасы құндылықтарына арналған дөңгелек үстел өткізіп, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы келелі ойды әңгіме арқауына айналдырған еді. Алқалы отырысқа қатысқандар арғы-бергі тарихты шолып, кіндігінен ажырап қалған жұрттың мінез-құлқы өзгеретінін, сол өзгеру отбасынан басталатынын тілге тиек етіп, оның беріктігін қайтсек орнықтырамыз деді. Әлемдік деп бәріне жүгірмейік, тозығын жолатпайық, әлсіреп қалған қоғамдық бақылауды жандандырайық, әлеуметтік психологияға мән берейік, ата мен әже, әке мен шеше, келін мен бала өз орнын білсін десті. Оянайық, ойланайық, ұлтты сақтайтын ұрпақ. Ұрпақ тағдыры бүгінгі толқынның қолында, әр адам оған жауапты, білім-білік, оқу-тоқу, дәулет-сәулет баршылық, тек отбасын оңалтуға мықты тірлік, ұғатындарға, жақсыларға бұл да ілік деп, сөз түйініне отбасының ұйытқысы ұлттық үлгі, сол ұлттық үлгі сақталмаған жерде ер мен әйелдің «бәсекесі» өршіп, тұтас отбасының бүлінуіне әкелмей қоймайды, кешірімді болайық дегенді қадап айтып жатты. Сол арада Мұхтар Әуезовтің әрбір ұлт оқығанына айтқан мына бір жетелі сөзі ойға оралып еді. «Енді бұдан кейінгі қазақ жұртының

күзетшісі осы оқыған азамат. Бұдан былай қазақ жарға жығылса обалы, жақсылыққа жетсе мақтаны – оқыған азаматта». Осыған қарағанда отбасын оңалту тізгін ұстағандардың үлгі-өнегесіне, сөзі мен ісі үйлескен, бүкіл адамзатты бауырым дегенде, неге өз халқыма ұл, қыз болмаймын, барын молайтып, жоғын табамын, кемін толтырамын, жетімін жылатпаймын, бабалар жолы, даналар жолы маған да жат емес деген азаматтардың тәуекеліне тәуелді екен. Жалпы халық қашан ұя бұзып еді? Теріс іске қиналғанмен, оң іске иланған дарқан пейілін айтсаңшы! Соны ұққан жанның абыройы артық, беделі берік.

Сүлеймен Мәмет